

**Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру бойынша лицензиарды айқындау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 17 шілдедегі № 572 қаулысы.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы қаулы 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі**

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыратын лицензиар болып айқындалсын.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.10.2024 № 877 қаулысымен.**

2. Осы қаулы 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

О. Бектенов